

Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау туралы отырысының хаттамасы

№ 1 хаттамасы

Жангелдин ауданы

20.01.2026 жыл

Төрағалық етті: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қасым Абай Қасымұлы;

Шақырылғандар: Жангелді аудандық прокурорының көмекшісі Йылқыбай Сәтдкүл Еламанұлы;

Қатысушылар :

Алматов Еренбол Кайырбекович, «Жангелдин ауданы әкімінің орынбасары; Раисова Алуа Турсынғалиевна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі;

Жунусов Бауыржан Сапабекович, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің инспекторы;

Күн тәртібінде :

Жангелді ауданының прокуратурасының 2025 жылғы 25 желтоқсандағы №2-0909-25-00978 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынуды қарау.

А.Т.Раисова

Тыңдалды: Жангелдин ауданы білім бөлімінің сектор меңгерушісі А.Т.Раисова.

Жангелді ауданының прокуратурасының 2025 жылғы 25 желтоқсандағы №2-0909-25-00978 заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынумен таныстырды.

Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі орындау бойынша заң бұзушылықтар орын алды.

Жангелдин ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін

бекіту туралы Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес аудан әкімінің № 144 қаулысы 2025 жылғы 30 желтоқсан күні шығарылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы НҚА «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне аудан әкімдігінің аталған қаулысын орналастыруға 2026 жылғы 15 қаңтарда № 01-35/31 хатымен жіберілді.

Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын әрбір автобус бойынша тапсырыс беруші тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде арнайы нұсқаулықтан өткен және балаларды баратын жеріне дейін алып жүретін жауапты адамдарды тапсырыс беруші ұйым қызметкерлерінен тағайындалды.

Ұсыным бойынша құжаттарын қарап, отырыс мына **ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) Шалғай елді мекендерде тұратын балаларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша болашақта жол бермеуге бағытталған жұмыстарын уақтылы орындап отыру тапсырылсын.

2) Орын алған заң бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғалары қызметтік міндеттеріне немқұрайлы қарағандары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы қабылдансын.

Отырыстың төрағасы:



А.Қасым

Қатысушылар:



Е.Алматов
А.Раисова
Б.Жунусов